| | | |
|---|---|---|
| | -Әже бізге қандай әңгімені айтып берді?<br>Балаларды мадақтау:<br>Бүгінгі оқу қызметіне қатысқан балаларды жұлдызшамен мадақтау. | -«Бір уыс мақта» |

**Күтілетін нәтиже:**

1. **Нені біледі:** ақынның өмір жолын, еңбектерін.
2. **Нені игерді:** ойын кезінде шығарманы айтуды.
3. **Нені меңгерді:** ақынның әңгімелері мен өлеңдерін жатқа айтуды.

| | | |
|---|---|---|
| | Тәрбиеші: -сәлеметсіз бе, әже. Қош келдіңіз, төрлетіңіз!<br>Әже: -қандай тамаша балалар. (әженің қолындағы мақтасы жерге түсіп кетеді)<br>Тәрбиеші: әже мақтаңыз түсіп қалды, сіздікі сияқты.<br>Әже: рақмет, қарағым. Иә менікі ғой. Дәріханадан алып келемін. Балалар осы мақта туралы әңгіме білесіңдер ме? Ол әңгімені Ыбырай аталарың жазған.<br>Тәрбиеші: -әже бүгін біз Ыбырай атамыз туралы оқу қызметін өтіп жатыр едік. Сіз осы әңгімені бізге айтып берсеңіз жақсы болар еді.<br>Әже: айтайын балаларым.<br>**«Бір уыс мақта» әңгімесін бейне ролик арқылы тамашалау.**<br><br>Тәрбиеші: рақмет, сізге әже. Балалар әңгіме ұнады ма?<br>Әже: ой жарайсыңдар. Енді Ыбырай аталарыңның өлеңдерін білесіңдер ме?<br>Тәрбиеші: әрине біледі. Қане, балалар әжеге атамыздың оқуға, білімге арнап жазған өлеңін айтып берейік.<br>Әже: жарайсыңдар балалар. Енді немеремді алып үйіме қайтайын. Сау болыңдар.<br><br>**Сергіту сәті**<br><br>**Дидактикалық ойын: «Бұл қай шығарма?»**<br>шарты: суреттер арқылы шығарманың тақырыбын тауып айту. | -Білеміз. Бірақ сіздің де айтып бергеніңізді қалаймыз.<br><br>-Иә, ұнады.<br><br>-Әрине білеміз.<br>Кел, балалар, оқылық.<br>Оқығанды көңілге,<br>Ықыласпен тоқылық.<br>Оқысаңыз балалар,<br>Шамнан шырақ жағылар.<br>Тілегенің алдыңнан,<br>Іздемей-ақ табылар.<br><br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қолды белге қоямыз.<br>Бұрыламыз оңға бір,<br>Бұрыламыз солға бір.<br>Біздер тату баламыз,<br>Гүл-гүл жайнап жанамыз.<br>Жаттығулар жасасақ,<br>Жақсы сергіп қаламыз.<br><br>Балалар ойынды белсене ойнайды. |
| **Рефлексиялық түзетушілік** | **Қорытынды:**<br>Сұрақ-жауап.<br>-Бүгін қай ақын, жазушы атамыздың өмір жолы мен еңбектерімен таныстық?<br>-Қонаққа кім келді? | -Ыбырай Алтынсарин атамыздың.<br>-Әже. |

**Тақырыптық ұйымдастырылған оқу қызметі**
**Тақырыбы:** «Ыбырай Алтынсарин – балалар әдебиетінің атасы!».
**Мақсаты:** Балаларға қазақ әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсариннің өмір жолы мен жазған еңбектері туралы таныстыру.
**Білімділігі:** Ыбырай Алтынсариннның «Бір уыс мақта» шығармасының мазмұнын әңгімелеуге, мәнеріне келтіре айта білуге үйрету. Өлең жолдарының мағынасын түсініп жатқа айту, үйрету.
**Дамытушылығы:** сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.
**Тәрбиелілігі:** оқуға білімге деген құштарлықтарын арттыру. Іздемпаздыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.
**Әдіс-тәсілі:** түсіндіру, слайд көрсету, сұрақ-жауап, тақпақтар айту, ойын, бейне ролик.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиеші қызметі | Балалар қызметі |
|---|---|---|
| **Мотивациялық қозғаушы** | Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері. | Біз балдырған баламыз,<br>Біз әдепті боламыз.<br>Досымызды көргенде,<br>Біз қуанып қаламыз. |
| **Ұйымдастырушы ізденушілік** | **Әңгімелесу.**<br>Балалар бүгін біз ақын, жазушы, балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсарин атамыздың өмір жолы мен еңбектері туралы кеңірек білетін боламыз.<br>Бейне сурет көрсету.<br>Ы.Алтынсариннның суреті.<br>**Ыбырай Алтынсарин** (шын аты – Ибраһим, ) 1841 жылы 20 қазанда Қостанай облысының Затобол ауданында дүниеге келген. Ыбырай бала кезінен бастап білімге және өз бетінше оқып білуге бейім екенін көрсетті. Көп оқыды. Үш-төрт жасында әкесі қайтыс болып, атасы Балғожаның тәрбиесінде болған. Атасы Балғожа би өз аймағының атақты кісілерінің бірі болған.<br>Ыбырай Алтынсарин - қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері. Оның «Өнер білім бар жұртта», «Кел, балалар, оқылық!» атты өлеңдері бар. «Кел, балалар, оқылық!» атты өлеңі жастарды оқуға, білім алуға шақырады. Сонымен қатар әңгімелері: «Өрмекші, құмырсқа, карлығаш», «Әке мен бала», «Біс уыс мақта» атты еңбектері жазылды.<br>**Ғажайып сәт.** (әже қонаққа келеді)<br>Әже: -сәлеметсіңдер ме, балалар. Мен осы балабақшадағы немереме келіп едім. | Әңгімені зейін қойып тыңдайды.<br><br>-Сәлеметсіз бе, әже. |